



БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ

2-ТОМ ОРТА ҒАСЫР ФИЛОСОФИЯСЫ

Абеляр, Акуинолық Томас, Дунс Скот
және Оккамның этикалық ілімдері





Мақсат – Орта ғасыр философтарының, соның ішінде Абеляр, Акуинолық Томас, Дунс Скот және Оккам ілімдеріндегі этикалық мәселелерді талдау.

Жоспар

Абелярдың ниеттену этикасы.
Акуинолықтың этикалық жүйесі.
Дунс Скот құдіреттік заң туралы.
Оккам этикасы.

Түйін сөздер

Ерік, әрекет, ниет, жауапкершілік, ниеттің жігерлік элементі, ниеттің когнитивті элементі, парыз, ішкі әрекеттер, сыртқы әрекеттер.

Аугустин мораль ілімінде қандай да бір әрекеттерді орындауға жетелейтін уәждің немесе жалпы қалаудың маңыздылығына аса мән береді. Алайда христиандар арасында адамгершілік мәселесінде ниеттің маңыздылығына зор көңіл бөлген ойшыл Абеляр еді. Ол өзінің «Этика» кітабының «Өзіңді таны» тарауында адам өлтіру мен зинақорлық жасау дұрыс емес дейтін жалпы ілімге қарсы пікір білдірді. Бұл жерде әрекеттің өзі емес, іске асып жатқандағы жанның күйі дұрыс емес. «Жасалып жатқан нәрсе емес, қандай ниетпен жасалып жатыр – Құдайдың бағалайтыны міне, осы. Әрекет етушінің жазаға тартылуы мен мадаққа лайықтығы оның әрекетінде емес, ниетінде жатыр».

Абеляр «ерік» (*voluntas*) және «ниет» (*intentio, consensus*) сөздерін ажыратады. Ерік – тура айтқанда, бір нәрсені өзі үшін қалау; ал күнә қалауда емес, қабылдауда жатыр. Мұнда еріксіз жасалған күнә болуы мүмкін (мысалы, қашқын қорғану үшін әлдекімі өлтіріп қойған болса), сондай-ақ күнәлі әрекет жасалмаса да, жаман ниет болуы мүмкін (құтыла алмайтын нәпсіқұмарлық қалауы секілді). Егер біз «ерікті» кеңірек мағынада қарастыратын болсақ, онда барлық күнәлар ерікті және шарасыз, яғни қандай да бір қалау ықпалымен жасалатынын мойындауымыз керек. Ниет және келісім – бұл қалауға емес, көбіне білімге байланысты болатын ақылдың жағдайы. Осылайша, Абелярдың пікірінше, тыйым салынған әрекетті кінәсіз орындаудың мүмкіндігі айқын болған соң, мысалы, өзінің қандас әпке-қарындасы екенін білмеген қызға үйлену – азғындық әрекетке емес, ниетке немесе келісімге байланысты болады. Сондықтан жаман ниет жақсы амалды бұзуы мүмкін. Бұзақы адам әділетті түрде дарға асылуы мүмкін, алайда егер сот оны әділеттілік үшін емес, жеке басын жек көргенінен соттаса, ол күнә жасаған болады. Абелярдың жаман істі адал ниет ақтай алады деген тұжырымы дау туғызды. Инжіл бізге Иса арқылы шипа тапқандар оның өз сауығуын құпия сақтау бұйрығына бойсұнбағанын айтады. Олар жарады, себебі олардың уәждері мұғжизаны жариялау секілді жақсы ықыласпен байланысты болған. Құдайдың өзі Ыбырайымға Ысқақты құрбан етуді бұйырғанда жаман нәрсені істеуге әмір етті, ал жамандыққа шақыру зұлымдыққа жатады. Алайда Құдайдың ниеті жақсы болатын. Ол оның сенімін сынға салды. Сондай-ақ «мұндағы Құдайдың жақсы ықыласы дұрыс емес әрекетте көрініс тапты».

Орындалмаған жақсы ниет жақсы әрекет секілді мақтарлық болуы мүмкін. Екі ер адам қайырымдылық үйін салуға бел буады делік. Бірі үлгеріп, екіншісі болса өз қаражатынан айырылып, жоспарын іске асыруға үлгірмей қалады. Олардың сауаптары теңдей болады: әйтпесе біз бір адамның екіншісінен байырақ немесе бақыттырақ болғаны үшін ізгілеу болатынын мойындауға мәжбүр боламыз. Дәл осылай зұлым ниеттер азғындық әрекеттер секілді сыналуда лайық. Олай болса неліктен ниеті үшін емес, әрекет үшін жазалау керек? Абеляр қатаң жауапкершілікке тарту доктринасының алғашқы қолдаушыларының бірі болатын. Бұл доктрина бойынша, қылмыс жасау үшін *mens rea* (қылмыстық ниет) қажет емес. Оның пікірінше, адамдарды жазалау кінә жоқ жерде әділетті болуы мүмкін. Мысалы, әйел ұйқыда аунап, жанында жатқан балаға зақым келтіреді. Мұнда кінә жоқ, өйткені ол өзінің әрекетін білмей істеді. Алайда ол басқаларға сабақ болуы үшін әділетті түрде жазалануы мүмкін. Біздің ниетіміз үшін емес, әрекет үшін жазалануымыздың себебі – адамның әлсіздігі жасырын ауыр зұлымдыққа қарағанда, айқын зұлымдықты қарастыруға бейім келуінде. Алайда қиямет күні Құдай бұлай соттамайды. Осыдан келе христиандарды діні үшін, яғни Құдайға табынғаны



үшін қудалағандар дұрыс істеп жатыр деп айта аламыз ба? Абеляр олай болуы шарт емес екенін айтады. Алайда олардың кінәлары орманда аң аулағанда қателесіп жолсерігін өлтірген адамның кінәсінен ауыр емес. Дегенмен адамның дұрыс жолда жүргеніне сену үшін ізгі ниеттің болуы жеткіліксіз.

Абеляр ниеттенудің еркін және когнитивті элементтерінің арасын ешқашан нақты ажыратпайды, – деп жазады Кенни. Абелярдың ілімі 1960 жылдардағы хиппилердің ұрандарына ұқсас келеді: «Сіздер адал адам болсаңыздар, не істесеңіз де аса маңызды емес». Сол үшін оның замандастары бұл ойларға таңғалды. Тіпті ол біздің табиғи құқықты түсінуіміз шынайы моральдық қателердің мүмкіндіктерін шектейді деп санаған. Сендық Кеңес Мәсіхті ізгі сеніммен өлтірген адамдарды күнәдан пәк деп санайтын ілімді сынға алды. Сондай-ақ сыналған пікірлердің ішінде: «Адам өзі жасап жатқан жұмысы үшін жақсы немесе жаман болмайды» деген пікір де болды. Абеляр секілді Акуинолық Томас та этикадағы ниет рөлінің маңыздылығын атап өтті. Дегенмен ол ниет түсінігін адам әрекетінің табиғаты ілімі арқылы қарастырды. Ол Аристотельдің Никомах этикасы еңбегіндегі көзқарастарға сүйеніп, оны ары қарай жетілдірді. Аристотель адам әрекетін сипаттауда екі түсінікті – еріктілік пен мақсаттылықты қолданады. Оның тұжырымдауынша, егер әрекет субъектен туындап, қателік пен мәжбүрлікке әкеп соқтырмаса, онда ол – ерік, ал егер бүкіл өмірлік жоспарының бір бөлігі ретінде тағйындалса, ол – мақсат (*prohairesis*). Күнделікті тіршіліктің моральды таңдауларын ажырату үшін оның еріктілік түсінігі өте кең, ал мақсаттылық түсінігі өте тар болса керек. Аристотельдің көзқарасын қолдап, оны өңдеуде Акуинолық Томас аталмыш екі түсінікті байланыстыру үшін ниет түсінігін енгізеді. Оны Акуинолық Томас былай талқылайды. Әрекеттің үш түрі бар: біріншілері – өзі үшін мақсат болып келетіндер; екіншілері – мақсатқа жететін құрал ретінде; үшіншілері – алғашқы екі әрекетке шарасыз түрде ілесіп жүретін ықылассыз жасалатын нәрселер. Екінші түрден ниетті көре аламыз: мақсатқа белгілі бір құралдар арқылы жетуге ниет етеміз. Үшінші түрге жататын әрекеттерде жақсылық ниетпен жасалынбайды, тек өз еркімен іске асады. Осыдан еріктіліктің ең үлкен категория екені айқындалады: ерікті түрде жасалғанның барлығы ерікті болады, бірақ, керісінше емес. Ниеттің өзі ерік секілді кең ауқымды болмаса да, Аристотельдің мақсатына қарағанда едәуір кең түсінік.

Акуинолық Томас бойынша, адам әрекеттерін моральды бағалауға байланысты қайта үш түрге ажыратуға болады. Кейбір әрекеттер жақсы (мысалы, қайырымдылық), кейбірі жаман (мысалы, зорлық), кейбірі бейтарап (мысалы, қала сыртындағы серуен). Әрбір адам әрекеті белгілі бір жағдайларда нақты мақсаттар арқылы көрініс табады. Жаман ниет жақсы әрекетті бүлдіруі мүмкін (мансапқұмарлықтан жасалған қайырымдылық), бірақ жақсы ниет жаман әрекетті ақтай алмайды (кедейге беру үшін жасалған ұрлық). Біз жақсылық үшін жаман әрекеттер жасай алмаймыз. Жақсы әрекеттің жақсылығы жақсы ниеттен басталады және сол арқылы көрінеді; бірақ ол мақұлдай алатын себептер әрекетінен көрінген ерік қана игілік бола алады деп айтқанда Томас пен Абелярдың көзқарасы сай келеді. Акуинолық Томас Абелярға өзгеше мынадай пікір айтады: мүмкіндік болған кезде, іске асырылмаған жақсы ерік толықтай шынайы болмайды. Жүзеге асыра алмаушылықты мәжбүрлі бас тарту ғана ақтай алады. Осылайша, Томас Абелярдың ниет теориясының беделін түсірген қарама-қайшылықтан қашып құтылады.

Томастың табиғи заң доктринасын қолдағанын оның қолдаушылары да, қарсыластары да айтады. Бұл атақ толықтай нақты берілмеген. Әрекеттер заңды немесе заңсыз әрі күнә екенін анықтайтын стандарттар жиынтығы ретінде танылған құдайлық парыздарды қолдайтын яһудилік-христиандық дәстүрде жазылған Томастың этика теориясы бірінші орынға Інжілдің заң түсініктерін емес, Аристотельдің ізгілік түсінігін қояды. Томас салыстырмалы түрде заңға моральдықтың кілті ретінде аз қызығушылық танытып, өзінің ізгілік теориясында табиғат түсінігіне өте маңызды орын берді.

Акуинолық Томас Аристотельдің ойын інжілдік этикамен келістіруге тырысады. Аристотель үшін ойлау әрекеттің мақсатын орнатады, ол адамның ізгі немесе зұлым екенін анықтайтын стандарттарды көрсетеді, ал інжілдік стандарт ол заңдар кодексінің жинағы саналады. Томас мұнда қарама-қайшылық жоқ екенін айтады, себебі заң – ойлаудың нәтижесі. Адам таңдауы мен әрекетінің мәні туралы ойлау, Аристотельдің сипаттауынша, адамның өркендеуінен тұратын ізгілік әрекетін бағыттайтын ақырғы тәжірибелік принциптер жиынтығының құрылуына



әкеледі. Осы принциптердің арасындағы ең жоғарысы «көршіңді өзіңдей жақсы көр» деген інжілдік өсиет бар; мұны Томас ақыл-ойға мәлім адам табиғатының алғашқы және ортақ өсиеті деп санады.

Адамдар нақты мемлекеттің жалпы игілігі үшін қажет заңдарды құрастыру үшін өз ақылын қолданады. Бірақ әлемді, жалпы алғанда, Құдайдың зердесі билейді. Бүкіл ғаламның иесі болып табылатын Құдайда бар көрегендік мәңгі басқару жоспары сөздің шынайы мағынасындағы заң болып табылады. Бұл барлық ақылды жандарға берілген, оған сәйкес келетін мақсаттарға ұмтылу табиғи үрдіс болып келеді. Дәл осы үрдіс тәжірибелік сананың қағидасында, ақырғы нәтижесінде айқын болып табылады. Ол бізді Құдайды жақсы көруге және жақынымызды өзіміздей жақсы көруге міндеттейді. Осы қағидаларды ұстанудың арқасында біз жеке меншікте, жыныстық қатынаста, адамға қиянат жасауды бақылайтын арнайы моральды ережелерге қол жеткіземіз.

Томас моралист ретінде адам өлтіру, жасанды түсік, өсімқорлықты Құдайдың табиғи заңын бұзу деп есептейді. Дегенмен ол этикалық жүйесін заң түсінігі айналасында емес, бақытты болудың жолы ретінде ізгілік түсінігіне негіздеді. Сол уақыттан бастап христиандық моралистердің ойларын жаулаған, басты орынға қойған Құдай заңы теориясын ұсынған – Дунс Скот. Ол Аристотель мен Томастың адам баласында бақытты іздеу табиғи тенденциясының бар екеніне қатысты ойларымен келіседі, оған қоса әділеттілікті іздеу табиғи тенденциясын да атайды. Әділеттілікке деген табиғи құштарлық – өзінің жеке басының амандығына қалай әсер ететініне қарамастан, моральдық заңдарды сақтауға бейімделу тенденциясы. Адам бостандығы мораль мен бақыттың қарама-қайшы келетін талаптарын тепе-теңдікте сақтайды.

«Адам кез келген уақытта бақытты болуға ұмтылады» деген көзқарасқа қарсы шығу арқылы Скот Томасқа ғана емес, Платон мен Аристотельден бастау алатын эвдемонизмдік этиканың ұзақ дәстүрінен бас тартады. Скот бақытты болу өмірдегі ықтимал жалғыз мақсат емес екенін айтқан. Адам өзінің өмірін басқа біреудің бақыты үшін құлшылық етуге немесе өз өмірінде үстемдікке әкелетін басқа да ізгі істерге арнауы мүмкін. Қыз тұрмыс құрудан, жанына жақын үміткерден немесе жасампаз мансаптан ата-анасын бағып-қағу үшін бас тартуы мүмкін. Өз қалауларын жасап жатқандықтан, «осындай адамдар өздерінің бақытын іздейді» деген түсінік адамды сендіре қоймайды.

Эвдемонистік дәстүрде еркіндік – бақытқа қол жеткізудің өзге амалдарын таңдау мүмкіндігінен, ал күнә – сол амалдардың ішінде дұрысын таңдамағандан шығатын нәтиже деп түсіндіріледі. Скот үшін бостандық алдын ала анықталған мақсатқа жетудің амалына емес, еркін және мүмкін бәсекелес жоғары мақсаттар арасындағы таңдауға жатады. Айыптау теріс түсінуге негізделсе, еркін ықыластың бағынбаушылығына көп назар аударылады. Ерік таңдауының дұрыстығы немесе қателігі Құдай заңына сәйкес келуі немесе келмеуімен анықталады. Барлық ортағасырлық ойшылдар күнәні Құдай заңын бұзу деп түсінді, бірақ, Дунс Скот үшін алдыңғы ойшылдарға қарағанда, әрекет моральдығы мен құдайлық пәрмендерінің мазмұны арасындағы байланыс әлдеқайда тікелей болды.

Әулие Томас барлық он өсиет табиғат заңына қатысты болғанын анықтады: Құдай оларсыз әрекет ете алмайды және адамдарға оларға қарсы әрекет етуге рұқсат бере алмайтынымен жалғасты. Скот табиғат заңына қатысты өсиетке ешбір ерекшеліктер енгізіле алмайтынымен келісті; бірақ осы заңның бөлігін он өсиет құрайтынымен келіспеді. Дунс Скоттың этикалық теориясынан екі маңызды салдар пайда болады. Біріншісі, адамның моральды ойлау шамасының шектеулігі; екіншіден, күнә түсінігінің нақтылануы. Табиғат заңы – шынайы ойлау арқылы анықталатын моральдық заң: егер адамдардың өзара арақатынасын қарастыратын принциптер табиғат заңының бөлігі емес, біз оларға құдіретті аян арқылы ғана сенімді бола аламыз. Құдайлық заңды бұзған әрекет адамды күнәға батырады. Бірақ Дунс Скот бойынша, бұл күнәнарда ешбір ішкі өзгерістерге әкелмейді. Өз кінәсін мойындау қылмыскерге тән емес: бұл Құдайдың жазалау шешім қабылдауының сыртқы фактісі ғана. Реформация кезінде Дунс Скоттың аталмыш екі тезисі пікірталастардың басты мәселелері болған.

Оккамның этика теориясы Дунс Скоттың теориясына ұқсас, бірақ метафизикалық мәселелерге қатысты сай келмейтін тұстары бар. Оның еркіндік сараптамасы Скоттың сараптамасынан өзгеше болғанымен, Оккам еркіндіктің адам баласының негізгі қасиеті екеніне, сондай-ақ еріктің ақыл-ойға тәуелсіз болатынына келіседі. Адамның ақырғы мақсатын



таңдаудың өзі ерікті: адам мұндай үдеріс адамдарға қол жетпес деп бақытты өз мақсатына айналдырудан бас тартуы мүмкін.

Дунс Скот секілді Оккам да этика теориясының негізгі мәселесі ретінде ізгілікті емес, заңды қарастырады. Құдіретті заңды құрудағы Құдайдың абсолютті еркіндігін көрсетуде ол Дунс Скоттан да асып түседі. Скот кейбір өсиеттер (мысалы, Құдайды сүю өсиеті) табиғат заңының бөлігі екенін және өздерінің күшін Құдайдың еркін шешімінен емес, оның табиғатынан алатынын қабылдады. Ал Оккамның ойынша адам әрекетінің моральдық маңызы Құдайдың еркін және шектелмеген ықыласынан туындайды.

Міндет – Оккам үшін орталық этикалық түсінік. Адамдар Құдайдың бұйырғанын орындауға міндетті, бірақ Құдай ешбір адамға міндетті емес. Егер Құдай адамнан өзін жек көруді талап етсе, ол ешбір міндетті бұзбас еді. Құдайдың белгілі бір нәрсені қалауы дәйегінің өзі осының дұрыстығын көрсетеді. Құдай да адам да күнәһар болмайды; себебі Құдайдың ешбір міндеті жоқ, ал адамның әрекеті еркін емес, тек еркін әрекетті ғана кінәлауға болады.

Аристотельдің ізашарлары секілді Оккам әрекетті ізгі қылатын оның дұрыс рационалды бағалаумен сәйкестігі және оның сол себептен іске асуы керек екенін айтады. Қате болса да, адам өзінің ар-ұятына (яғни, оның саналы моральдық пайымдаулары арқылы) сай әрекет етуі керек деген сөздерімен ол дәстүр жалғастығын көрсетеді. Бірақ Аристотельдің бұл ескертулері оның этикасының негізгі өктемшіл табиғатына қайшы келмейді. Егер біз сана мен ар-ожданға еретін болсақ, оның себебі – Құдайдың бұйрығы. Құдай өзінің абсолютті күшімен құдайлық игілікті жек көруді бұйыра алатындай, ар-ожданға бағынбауды бұйыруы мүмкін. Егер Құдайдың қалдырған өсиеттері еркін болса, құдайлық заңның мазмұнын аянсыз, бірден білуге бола ма? Уильям Оккам моральдық мәселелерде дәлелдерге негізделген ғылым бар ма дегенді білгісі келеді. Берген жауабында моральдық оқытудың екі түрін ажыратады. Адами және құдайлық заңдардан тұратын оң мораль теориясы бар. Бұл заңдар әрекеттерді жақсы және жаман деп қарастырады, себебі ол сәйкесінше заң шығарушымен бұйырылған немесе тыйым салынған. Бірақ мұнда моральдық теорияның этикалық қағидаларымен байланысты басқа түрі де бар (Аристотель айтқан түр). Уильям Оккамның айтуынша, позитивті моральдық теория дедуктивті емес, бірақ өзге түрлер нәтижелерді көрсетуге мүмкіндік береді.

Оккам үшін моральдықтың шын мәселесі өлтірушілік, опасыздық сияқты сыртқы әрекеттер емес, керісінше жеке ішкі ерік әрекеттері. Ешбір сыртқы әрекеттің моральдық маңызы болмайды, себебі кез келген сыртқы әрекетті ізгі әрекетке қабілетсіз ақылсыз адам жасауы мүмкін. Ізгі ниетпен келісіліп жасалған әрекет дәмеленгендердің моральдық құндылығына қосатын моральдық құндылығы болып саналмайды. Шіркеуге бару шын діндарлық ниетпен жасалса – ізгі, ал даңққұмарлықтан болса – теріс әрекет. Құздан секіріп, өзін-өзі өлтірген адам, құлап барар жолда өкінсе, сыртқы әрекеті өзгеріссіз қалады, бірақ ол күнәлі әрекеттен ізгі әрекетке ауысады.

Біз Абелярдың мораль ілімінен осыған ұқсас ішкі әрекеттің сыртқысына қарағандағы артықшылығымен кездескен болатынбыз. Ал Оккамның ізгілік концепциясының ерекшелігі – ішкі және сыртқы өмірдің толықтай ажыратылуы.

Осылайша, біз Энтони Кенни еңбегінің сегізінші тарауында қарастырған Абеляр, Акуинолық Томас, Дунс Скот және Оккам философиясындағы этикалық мәселелерді талдап болдық. Келесі дәрісте біз Орта ғасыр философиясының басты тақырыбы – Құдай мәселесіне келеміз.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Абеляр философиясындағы «ерік» және «ниет» түсініктері арасындағы айырмашылық қандай болды?
2. Абеляр жақтаған қатаң жауапкершілік доктринасының мәні неде еді?
3. Акуинолық Томас өзінің этикалық ниеттер тұжырымдамасын қалай түсіндіреді?
4. Акуинолық Томастың этика теориясында құқықтың інжілдік түсінігі және аристотельдік ізгілік түсінігі қалай ымыраға келеді?
5. Дунс Скоттың этикалық концепциясы одан бұрынғы моральдық теориялардан несімен ерекшеленеді?



6. Дунс Скоттың этикалық теориясынан қандай қорытындылар шығаруға болады?
7. Уильям Оккамның этикалық концепциясындағы басты мәселесі?
8. Уильям Оккамның ізгіліктік философиясындағы ішкі және сыртқы өмірдің ажырауы қалай сипатталады?

Әдебиет

1. Kenny, A. (2012) A New History of Western Philosophy – In Four Parts, Clarendon Press Oxford.
2. Рассел, Б. История западной философии. – М., 2009.
3. Соколов В.В. Средневековая философия. – М., 1979.